**"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 298 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 18-қосымшада:

реттік нөмірі 11-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 11. | | Құрметті атағы үшін үстемеақы | | |
| | Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының "Халық" деген құрметті атағы бар және мәдениет саласындағы еңбегі үшін республиканың құрметті атақтарына ие болған қызметкерлерге;<br>Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының "Еңбек сіңірген" құрметті атағы бар және республиканың құрметті атақтарына ие болған қызметкерлерге | | БЛА-дан 100 %<br>БЛА-дан 30 % | "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы " 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының З аңына сәйкес |

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* — *Ә. Смайылов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК